

**«Әлия» жекеменшік балабақшасының
Өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

10.11.2023 ж

Қатысқандар: 10 педагог

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуі туралы.
2. Балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясының міндеттерін бөлу туралы.

Тыңдалды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Карабалаева А.С

Кеңестің 1 мәселесі бойынша 2023 жылдың қазана айында балабақшаны мемлекеттік аттестаттаудан өткелі жатқанын мәлімдеді. Мемлекеттік аттестаттау 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша жүргізілетінін айтты. Осыған байланысты балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылғанын мәлімдеді. Педагогтерге оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын, тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілерін жинақтау керек екенін тапсырды.

Кеңестің 2 мәселесі бойынша өзін-өзі бағалау комиссиясы мүшелерінің міндеттерін бөлу туралы мәлімдеді:

Комиссия мүшелеріне өзін-өзі бағаланатын кезеңге байланысты төмендегі міндеттер жүктелді:

Комиссия мүшесі – әдіскер Суевова Ш.Ж:

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 [бұйрығымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 [бұйрығымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігін қадағалау;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бұйрығымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 [бұйрығымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Комиссия мүшесі – әдіскер Суевова Ш.Ж:

- оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын PDF форматта сканерлеу;
- тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілері мен даму карталарын PDF форматта сканерлеу;
- оқу іс-әрекетінің кестесін, күн режимі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен жылдық жоспарларды PDF форматта сканерлеу;
- педагогтердің жоғары немесе арнаулы орта білім туралы дипломдарын (қайта даярлау туралы куәліктерін), біліктілік санаты туралы куәліктерін, біліктілік арттыру курстанының сертификаттарын PDF форматта сканерлеу;

Комиссия мүшесі – шаруа меңгерушісі Тлеуова К.А:

- Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы туралы мәліметтерді толтырып PDF форматта сканерлеу;

Комиссия мүшесі – есепші Карабалаева Д.С:

- жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелерін жинақтау;

Комиссия мүшесі – педагог-психолог Минбасова Н.К:

- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау туралы мәліметтерді толтырып PDF форматта сканерлеу;

Комиссия мүшесі әдіскер Суевова Ш.Ж:

- Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) бойынша талаптарды сақтау бойынша құжаттарды жинақтау және PDF форматта сканерлеу;

Шешім:

- 1.Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелеріне қойылған міндеттері жүзеге асырылсын.
- 2.Өзін-өзі бағалау комиссиясы балабақшаның мемлекеттік аттестаттау алдындағы өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізісін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы :



Карабалаева А.С

Суевова Ш.Ж